

"Қорқыт Ата Әуежайы" АҚ қызметкерлеріне заңнама талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу

Хаттамасы

Қызылорда қ.

«29» мамыр 2024 ж.

Күн тәртібі:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту семинары

Сөйледі: Әуежайдың Комплаенс-офицері Т.У.Абдрашов

Қатысты: авиациялық қауіпсіздік қызметінің (САБ), ұшуларды іздестіру және авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету қызметінің (СПАСОБ), жолаушылар және жүк тасымалдарын қамтамасыз ету қызметінің (СОП и ГП), жанар жағар май (ГСМ) қызметінің жеке құрамы.

«Қорқыт Ата әуежайы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесі» негізінде әзірленді.

Ереже бойынша Әуежайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшенің немесе жауапты тұлғаның мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындайды. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу

- мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген

адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделерімен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

- сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептермен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін «Қорқыт Ата әуежайы» акционерлік қоғамының атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

Шешім:

1. Баяндалған мәліметтер әуежай қызметкерлерімен өз лауазымдық міндеттерін орындау кезінде әрі қарай пайдалану үшін назарға алынсын.
2. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын мүлтіксіз сақтауын қамтамасыз етсін.

Ұйымдастыру-құқықтық мәселелер
бөлімінің бастығы, комплаенс-офицер



Т.Абдрашов

САБ басшысы



Г.Сулейменов

СПАСОП басшысы



Б.Жалгасбаев

СОП и ГП басшысы



Г.Михаева